



Синтаксисті оқыту әдістемесі

Синтаксисті оқытқанда, оқушыларға сөйлем, сөйлемнің мағыналары мен құрылысы, сөздердің сөйлемге тіркесу жолдары түсіндіріледі. Синтаксисті оқыту жұмысы түрліше әдіс, жаттығу арқылы іске асырылады.

Сабақтың құрылысына, материалдық ерекшелігіне қарай кей мағлұмат мұғалімнің түсінік сөзі арқылы, кейбірі оқулықпен жұмыс жасау жолымен меңгертіледі. Оқушының алған білімін жатығулар орындату және өз бетінше жұмыс істеуге ерекше ықылас қойған жөн.

Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясынан
оқушыларға теориялық білім берудегі басты ортақ
заңдылықтар:

- Оқушыларға қазақ тілі синтаксисінен және пунктуациядан теориялық білім негізінен мұғалімнің түсіндіруі әңгіме, байқау әдістері, ойлаудың анализ, синтез, салыстыру, жинақтау, қорыту тәсілдерімен ойша қорытудың индукция, дедукция түрлері арқылы беріледі;
- Әрбір жаңа материалды өтілген материалдарға байланыстыра, соларға сүйене, соларды тірек ете түсіндіру;
- Морфология мен синтаксисті, синтаксис пен пунктуацияны, синтаксис пен стилистиканы мүмкіндігінше бір-бірімен тығыз байланыстыру;
- Оқушыларға синтаксис пен пунктуациядан дағды жаттығу, кітапты пайдалану, грамматикалық талдау әдістерін қолдана отырып, ауызша, жазбаша жаттығулар орындату арқылы беріледі т.б





А.Байтұрсынұлының синтаксисті оқыту логикасын 2 кезеңмен беруге болады: 1-кезең – нақтылықтан абстрактылыққа қарай жүру жолы, яғни білім берудің эмпирикалық кезеңі (кіріспе сөз, тілдік фактілер келтіру, синтаксистік бірліктің сыртқы белгілерін таныту, ереже шығару), ал 2-кезең – абстрактылықтан нақтылыққа қарай өту жолы, яғни білім берудің теориялық кезеңі (ереже, сұрақ-жауаппен нақтылау, жекелеген белгілерін топтастыру, тәжірибе: сынау, дағдыландыру).

- С.Жиенбаевтың 1941 жылы жарық көрген «Синтаксис мәселелері» деп. аталатын кітапшасында сөйлем мүшелерін жіктеу, олардың арасында болатын синтаксистік қатынастар туралы айтылғанымен, еңбек құрмалас сөйлемге арналған.

Синтаксисті оқыту мәселелерін докторлық диссертация деңгейінде зерттеген Х.Арғыновтың еңбегінде көп ретте синтаксисте эмпирикалық деңгейде білім беру әдістері қолданылған. Х.Арғынов синтаксисті оқытуда байқау, түсіндіру, әңгіме әдісі, жаттығу, кітапты пайдалану, грамматикалық талдау әдістерін қолданудың тиімді екенін көрсеткен.

- Осы еңбегінде теориялық ойлауды дамытуға себі мол құнды пікірлерінің де кездесетінін атап көрсету керек. Мысалы, Х.Арғынов синтаксистің көрнекі құралына қойылатын талаптарының қатарына « 4.Көрнекі құрал синтаксистің белгілі бір категориясы жөнінде оқушылардың өздігінен ой қорытындысын шығаруына мүмкіндік жасайтындай болуы шарт» талабын қоя білген

- Балғаным Құлмағамбетова 1956 жылдардан бастап қазақ тілі методикасының көптеген мәселелеріне ғылыми әрі практикалық жағынан зерттеу жүргізіп, «Қазақ тіліндегі етістік категориясын оқыту» (1957), «Құрмалас сөйлемдерді оқытудың кейбір мәселелері» (монография, 1963), «6-класта қазақ тілі сабақтарына байланысты тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру» (1965), «5-класта қазақ тілі сабақтарына байланысты тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру» (1966), т.б. еңбектерін дүниеге әкелді.
- 1965 жылдан бастап қазақ тілін оқыту методикасының даму тарихына үлес қосушылардың бірі- Бибігүл Кәтенбаева. Оның «Сөз құрамын оқыту» (1968), «4-класстың қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау» (1984), «5-класстың қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау» (1982-1984), «Еліктеуіш сөздер» (1974), «Морфологияны оқытудың методикасы» (1975), «Қазақ тілі оқулығы» (5-класқа арналған, 1982, 1983, 1986), т.б. көптеген еңбектері мұғалімдер кітапханасынан берік орын алды.

- Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі де біршама зерттелінді. Құрмалас сөйлем синтаксисін теориялық жағынан зерттеген Хасен Арғынов. Оның «Жай сөйлем синтаксисін оқытудың методикасы» (1957), «Қазақ тілін оқыту» еңбектері жарық көрді.
- Бұл аталған еңбектердің қазақ тілін оқыту методикасында алатын орны ерекше. Онда қазақ тілі методикасының педагогикалық негіздері, жазу жұмыстары, талдау үлгілері, грамматиканы оқыту, кітап оқу методикасы сияқты мәселелерге тоқталған. Еңбектердің барлығында да жасалатын тұжырым: «Мұғалім сабақты беруді көрсетіп бергенінен айнытпай орындауға міндетті емес, өз білгенінше түрлі әдіс қолдануға ерікті. Методика рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба», - дейді

СИНТАКСИСТІ ТЕОРИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

*Перцептивтік
қырынан
анықтау:* тілдік
әдістер:
әңгімелесу,
түсіндіру, баяндау,
сұхбаттасу,
кітаппен жұмыс;
көрнекілік
әдістер:
иллюстрация,
демонстрация,
бақылау жасау;
практикалық
әдістер: жаттығу,
тапсырмалар,
лингвистикалық
есептер, тілдік
эксперимент

*Логикалық
қырынан
анықтау:*
анализ,
синтез,
салыстыру,
топтастыру,
нақтылау,
дәлелдеу,
анықтама
беру, аналогия,
дедукция,
индукция,
модельдеу

*Танымдық
қырынан
анықтау:*
ақпараттық
мәлімет беру,
эвристикалық
әдістер, ізденім-
зерттеу әдістері,
көрнекілік-
ақпараттық
әдістер,
практикалық-
ақпараттық
әдістер

*Психологи
ялық
қырынан
анықтау:*
рефлексиялы
қ әдіс, зейін,
ес пен
жадыны
дамыту,
қиялы мен
қабылдауын
дамыту,
ойлауы мен
сөйлеуін
дамыту,
тыңдауын
дамыту

- Сөйлем мүшелерін модульді интерактивті оқыту тиімділігін Сандуғаш ОМАРОВА педагогика ғылымдарының кандидаты ұсынды.
- Білім беру дамытудың 2011-2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген бағыт еліміздің мектептерінде білімді шәкірт даярлаудың негізі ретінде қарастырған.

Сөз тіркесі, күрделі сөз, тұрақты тіркесті оқытудағы көрнекіліктер.

(7-сынып)

- **Зымыран сұрақтар:**

- Сөз тіркесі дегеніміз не?
- Тұрақты тіркес ғылым тілінде қалай аталады?
- Күрделі сөз дегеніміз не?

- **Топтық тапсырма: 1-топ.** Сөз тіркестерін, тұрақты тіркесті, күрделі сөздерді мына сызбаға орналастыр: ***Екі бөлмелі, туған жер, отыз төрт, қой аузынан шөп алмас, әдеби кітап, озат оқушы, ертеден қара кешке дейін ойнау, ауыл жастар.***

Күрделі сөз	Сөз тіркесі	Тұрақты тіркес


- **2-топ. Көп нүктенің орнына қажетті тіркестерді қойып жаз.**

Оның мына сөзі...етті. Ала көлеңке үй іші... . Менің уақытымның көбі...оқуға кетті. Шоқан - қазақтың.... .(төбемнен жай түскендей, әдеби кітап, аса дарынды ғалымы, құлаққа ұрған танадай).

3-топ.

Сөз тіркесін, күрделі сөз.тұрақты тіркестерді араластырып <<Менің анам>> тақырыбына шағын ойтолғау жазыңдар.

Суретпен жұмыс.



Меңгеру

Қиысу

**Байланысу
түрлері**

Қабысу

Матасу

Жанасу

Н. Оразақынова сөйлемге толық сатылай кешенді талдау жсаудың үлгісін көрсетті.

Ажалды қарға бүркітпен ойнайды.

- 1) *қарға ойнайды – қиысу*
- 2) *бүркітпен ойнайды – меңгеру*
- 3) *Ажалды қарға – қабысу*

Сөйлемде:

4) *ажалды қарға*

5) *бүркітпен ойнайды*

Сөз тіркестері

Құрылысына қарай – еркін; тұлғасына қарай: а) ажалды қарға – есімді тіркес; ә) бүркітпен ойнайды – етістікті тіркес.

Тренинг

Сөздердің байланысу түрлеріне рәжесімен сәйкестендір

Түрлері	Ережелері
<ol style="list-style-type: none">1. Қиысу2. Матасу3. Меңгеру4. Қабысу5. Жанасу	<p>А. Сөздердің жіктік жалғау арқылы байланысуы;</p> <p>Ә. Сөздердің бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуы (үстеу мен етістік)</p> <p>Б. Сөздердің ілік септіктен басқа септіктер арқылы байланысуы;</p> <p>В. Ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғауындағы сөздердің баланысуы;</p> <p>Г. ешбір жалғаусыз орын тәртәбә арқылы байланысуы;</p> <p>Ғ. Ешбір жалғаусыз алшақ тұрып байланысу</p>

. Синтаксистік жаттығулар

- **Синтаксистік жаттығуларға сөз тіркесі, жай сөйлем түрлері, құрамалас сөйлем түрлері мен пунктуацияға байланысты жаттығулар жатады. Оқушылардың осы бөлімдерден алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады:** 1) белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушыларда оны орындай алатындай білім, білік болуы шарт; 2) оқушылар жаттығуда не орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсініп орындағаны абзал; 3) жаттығу оқушының тілге қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс; 4) жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы қажет;
- 5) жаттығу жұмыстары тек өтілген материалдарға ғана байланысты болмай, бұрын өтілген материалдарды да қайталауға мүмкіндік туғызуы шарт; 6) оқушылардың жас мөлшері кіші болған сайын жаттығу да қысқа уақытқа шақталып, үнемі талап мақсатына қарай ауыстырылып отырғаны пайдалы; 7) шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болғаны жөн.

Синтаксистік байланысты жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары

Мектептерде сабақтас құрмалас тақырыбын өту кезінде жаттығу жұмыстарының төмендегідей түрлері қолданылып жүр:

- 1. Көшіріп жазу жаттығулары.
- 2. Диктант жазу түрінде орындалатын жұмыстар.
- 3. Әдеби мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазу.
- 4. Жай сөйлемдерден сабақтас құрмалас сөйлем жасау.
- 5. Берілген компонентті толықтырып, сабақтас құрмалас сөйлем құрау.
- 6. Берілген схемаға сүйеніп, сабақтас құрмалас сөйлем жасау.
- 7. Берілген “Тірек сөз” арқылы сабақтас құрмалас сөйлем ойлап жазу.
- 8. Бірыңғай баяндауышты жай сөйлемді, сабақтас құрмалас сөйлемге айналдыру.
- 9. Сабақтас құрмаластың бір түрін екінші түрге ауыстыру.
- 10. Көп бағыныңқылы сабақтасты екі компонентті бірнеше сабақтас құрмалас сөйлемге айналдыру.
- 11. Сабақтас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін тауып қою.
- 12. Тыныс белгісінің схемасына қарап, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрін ажырату.
- 13. Мәтін құрау, мәтінде сабақтас құрмалас сөйлемді пайдалану.
- 14. Магнитофонды пайдаланып, құрмалас сөйлемнің айтылу интонациясын анықтау.
- 15. Сурет бойынша шығарма жазу, шығармадан сабақтастарды іріктеу.
- 16. Ерікті тақырыпқа шығарма жазу, тұрақты сөз тіркестерін пайдалану.

Синаксистік талдау

- Белгілі бір тілдік материалдың ішкі құрамын (заңдылығын) танытатын білім берудің құралдарын талдау әдісі деп атайды. Талдауды методикалық әдебиеттерде анализ деп те жүргізіледі. «Анализ» сөзінің қазақша баламасы – талдау. Ой қорытындысын хабарлауда талдау-түйіндеу де үлкен қызмет атқарады. Талдау- түйіндеуге тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелері жатады. Талдау-түйіндеу әдісін жіктеуге өлшем етіп алуға болады. Соған байланысты талдаудың мынандай түрлері қарастырылады:
- **1.Түсіндірмелі талдау.**
- **2.Анықтауыштық талдау.**
- Түсіндірмелі талдауларға: лексикалық талдау, фонетикалық талдау, морфологиялық талдау, синтаксистік талдау әдістері жатады. Синтаксистік талдау әдісі де теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістеріне кіреді. Бұл көбінесе қазақ тілінің синтаксис саласын өтумен байланысты қаралады. Мектепте аса көп жүргізілетін әдіс- осы синтаксистік талдау әдісі.
- Синтаксистік талдау жаңа материалды түсіндіру кезінде, біріккен сабақ тұсында, бекіту, қайталау процесінде және тексеру сабақтарында жүргізіледі. Ол өзінің мазмұнына қарай екіге бөлінеді:

- **1. Жай сөйлем бойынша талдау**

- Жай сөйлем мағынасына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлем болып келетіндігі талданады. Жай сөйлем құрамындағы сөз тіркесінің есімді, етістікті сөз тіркесі және олардың күрделі сөз бен тұрақты сөз тіркесінен құралатындығы, сөздердің байланысу тәсілдері (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу) ескеріледі. Сөйлемнің ішінде бірыңғай мүшелердің болатындығы да ескеріледі. Жай сөйлемнің жалаң, жайылма, жақты, жақсыз, толымды, толымсыз түрлері, оқшау сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөздер де ескеріледі.


- **2. Құрмалас сөйлем бойынша талдау**

- Сөйлем бойынша талдау жүргізгенде, салалас құрмалас сөйлемге байланысты талдау оның мағыналық қатысына қарай ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы, кезектес сөйлемдер екені анықталып, оның байланысының жалғаулықты, жалғаулықсыздықтығы анықталады. Және тыныс белгілерінің қойылу себептері дәлелденеді.
- Сабактас құрмалас сөйлемдер мағынасына қарай: шартты бағыныңқылы, қарсылықты бағыныңқылы, себеп, мезгіл, қимыл-сын, мақсат бағыныңқылыға жіктеліп, олардың тыныс белгілері дәлелденеді. Жарыспалы-сатылы екендігі анықталады.
- Аралас құрмалас сөйлем жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлері, олардың тыныс белгілері дәлелденіп, құрамаластың басқа түрлерінен айырмашылығы салыстырылады.

- **Синтаксистік талдау орындалу тәсіліне қарай ауызша, жазбаша, орындалу орнына қарай үйде, сыныпта жүргізіледі. Синтаксистік талдау жүргізілгенде мына тәрізді талаптар қойылады:**
 - 1.Таңдалған сөйлемнің, мәтіннің логикасы дұрыс болу қажет;
 - 2.Мәтіндер мен сөйлемдер көркем әдебиеттен алынуы тиіс;
 - 3.Таңдалған материал оқушының біліміне сәйкес болу керек;
 - 4.Талдауға алынған сөйлемде синтаксистік объектілердің мол болуы қажет.
- Синтаксистік талдау жүргізгенде схемалар, кестелер, карточкалы дәптерлерді пайдалануға болады. Синтаксистік талдау құрылымдары мынандай элементтерден тұрады:
 - 1.Мәтін, сөйлем таңдалады.
 - 2.Мәтін мен сөйлем дауыстап оқылады.
 - 3.Мәтін мен сөйлем тақтаға не дәптерге жазылады.
 - 4.Талдау жұмысы жүргізіледі: а)жай сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері талданады; ә) құрамалас сөйлем компоненттерінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылады; б) жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері дәлелденеді.

- **Ойын-сергіту жаттығуы «Сатымен кім тез көтеріледі?»**
- Ойынның шарты: Тақтаға не қағазға саты сызылып, оның сол жағына лепті сөйлемнің көңіл-күйді білдіретін түрлері, ал оң жағына сөздер мен сөз тіркестері жазылған. Тиісті көңіл-күйді білдіретін сөзді тауып, қасындағы сөздермен байланыстырып лепті сөйлем құрап айтып шығып, сатының басына тез көтерілу керек.


Қуаныш
Бұйыру
Өкіну
Таңдану





әкем келді!
тезірек!
кеше келсемші!
әдемі сурет!





Қызықты
грамматика
әлемінде





Кері оқуға келетін
Тең мағына беретін.
Қызық сөздер тағы бар,
Оны өздерің табындар!





- *«СҮТ»-сүйікті тамағың,*
- *Теріс оқып қарағын:*
- *Кейде ұйқыда көретін*
- *«ТҮС» боп шығар жаңағын..*

*Оңға қарай оқысаң,
ҚАМЫТ-әбзел бұйымы.
Солға қарай оқысаң,
ТЫМАҚ –қысқы киімін*



Кім тауып оқи алады?


А	ы	ы	і	
у	л	о	б	ғ
м	з	қ	і	



Әліпбиді сөйлетемін

1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31	32	33	34	35
36	37	38	39	40	41	42

Мына суреттерге қосымша
жалғап сөз тіркесін жаз



құлпынай



асқабак



жүзім



лимон



қарбыз

«Кім шапшаң?» ойыны

1-топқа

№	Мысалдар	Табу сөз	Эвфемизм	Дисфемизм
1	Құлағы мүкіс			
2	Ағакем			
3	Сотқар			
4	Тұрмыс құру			
5	Албасты			
6	Дімкәс			
7	Ұлыма			
8	Мырза жігіт			
9	Мылжың			
10	Ауру			
11	Саңырау			
12	Найзағай ,жай			
13	Бақиға аттанды			
14	Ақсақ			

3 тапсырманы көшіріп жазып, мына сөздердің тура мағынасын табыңдар.

Ауыспалы мағыналы сөздер	Тура мағыналы сөздер
Тәтті ұйқы, тәтті қиял,	тәтті ...
Ашық мінез, ашық әңгіме,	ашық ...
Иненің көзі, байлықтың көзі, бұлақтың көзі,	... көзі
Өткір ой, өткір мінез,	өткір ...
Алыс арман, алыс туыс,	алыс ...
Қатты айту, қатты шу,	қатты ...
Әңгіменің басы, ағаштың басы, бұлақтың басы,	... басы.
Ауыр мінез, ауыр сөз,	ауыр ...
Жылы жүз, жылы сөз,	жылы ...

4 тапсырма. Мағынасына сәйкес тұрақты тіркестерді синонимдерімен сәйкестендіріңдер.

- 1.Тасы өрге домалау. 2.Сіркесі су көтермеу. 3.Қабақ шытысты.
4.Сөз байлау. 5.Көзге түртсе көргісіз. 6.Арасынан қыл өтпейді.
7.Ат ізін салмау. 8.Ит арқасы қиянда. 9.Бармағын тістеу.
10.Жүрек жұтқан.

	Батыр
	Өкіну
	Алыс
	Жолы болу
	Ашуланды
	Тату
	Хабарласпау
	Уәделесу
	Қараңғы

8 тапсырма. Семантикалы картаны жазатыры

№	Мысалдар	Тұрақты тіркестер	Мақал	Мәтел
1	Жерден жеті қоян тапқандай.			
2	Балалы үй –базар, баласыз үй –мазар.			
3	Ел құлағы –елу.			
4	Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарар.			
5	Қой аузынан шөп алмас.			
6	О қусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.			
7	О тан үшін отқа түс –күймейсің.			
8	Сіркесі су көтермейді.			
9	Қыздың көзі қызылда.			
10	Көппен көрген - ұлы той.			
11	Ат ізін салмау.			
12	Дария жанынан құдық қазба.			
13	Қорқақты көп қусаң, батыр болады.			
14	Бармағын тістеді.			



Суреттерді оқиға желісі бойынша рет-ретімен орналастырып, сол бойынша әңгімелеңдер



7



6



8



3



1



4



2



5

Суреттерді оқиға желісі бойынша рет-ретімен орналастырып, сол бойынша әңгімелеңдер

**Назарларыңызға көп
рахмет!**

